

# Тақырыбы: Сіз еліміздің патриотысыз ба?







6. Көбінесе қай тілде сөйлейсіз?

А) Таза қазақша    В) Қазақша аралас орысша    С) Орыс/шет тілдері

7. Біз, жастар, Қазақстанның патриоты болуға лайықпыз ба?

8. Ұлтшыл мен патриоттың айырмашылығы неде?

9. Домбыраның құдіретін түсіне аласыз ба?

10. Сіз қоғамға қандай үлес қостыңыз немесе қосқыңыз келеді?

11. Өзге ұлт өкілдеріне тұрмысқа шығар ма едіңіз/ үйлер ма едіңіз?

А) Иә    В) Жоқ    С) Жауап беруге қиналамын

12. Сіз қазіргі уақыттың нағыз патриоты деп кімдерді айтар едіңіз?



13. Ұлттық телеарна ойыңыздан шыға ма?

А) Иә      В) Кейбір арналар ойымнан шықпайды      С) Мүлдем жоқ

14. Әнұран айтқанда қолды жүрекке қою міндет па?

А) Иә      В) Жоқ, әркім өзі біледі      С) Әнұранды жүрекпен айту керек

15. Неге қазақтар орысша сөйлеуге құмар?

16. Сіздің орысша сөйлей алмай тұрған қазақтарға күлетіндер жайлы ойыңыз?

17. Орысша сөйлеу мода ма?

18. Неге қазақ бола тұра шетел әндерін тыңдаймыз?

19. Отандық дизайнерлерден кімді білесіз?

20. Отандық дизайнерлер ұсынған киімдерді сатып аласыз ба?





21. Қазақстандық фильм көресіз бе?

22. Отандық киноиндустриясын дамыту үшін не істеу керек?

23. Қазақ қыздарымыздың шетел азаматтарына тұрмыс құруын құптайсыз ба?

24. Шет елге көшуге мүмкіндік болса, көшесіз бе?

А) Иә, көшкім келеді      В) Жоқ, өз елімде тұрған ұнайды

25. Сізге өз елімізде жай қызметкер міндетін, ал Америкада бір бөлімнің меңгерушісі қызметін ұсынса, қайсысын таңдайсыз?

А) Қандай жұмыс болса да, өз елімде қаламын      В) Меңгеруші болсам, кетер едім

26. Неге жастар "Болашақ" бағдарламасы бойынша шет елде білім алуға құмар?





27. Балаңыздың шет елде білім алуына қарсы болар ма едіңіз?
28. Қандай отандық бренд білесіз?
29. Жастардың елімізге деген патриоттық сезімдері қандай деңгейде деп ойлайсыз?
30. Елімізде патриоттық сезімді көтеру үшін қандай шаралар қолданса болады?
31. Жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырудағы әскери патриоттық тәрбиенің рөлі қандай?
32. Елімізде патриоттық сезімді бала бойында қалыптастырудың жолдары?
33. Жастардың патриоттық сезімдерін ояту жолдары?
34. Патриоттық сезім төмен деңгейде болғанына не себеп?
35. Қоғамда патриотизм сезімін тәрбиелеу қажет пе?








## Қорытынды

Саулнама "Сіз еліміздің патриотысыз ба?" тақырыбында жүргізіліп, 55 адамнан сұхбат алынды. Сұрақ-жауап сандық және сапалық әдістері бойынша өткізілді, яғни ашық та, жабық та сұрақтар қолданылды. Мәлімет жинау анкета арқылы жүргізілді. Бұл әдістің жеке сұхбат, телефондық сұхбат пен интернет арқылы алынған сұхбат түрлері арқылы жүргізілді. Көшеде сұхбат алушыларға кішігірім сыйлық берілді. Жалпы сұраққа жауап берген 55 адамның ішінде 50-і, яғни 90%, ҚР азаматы болса, 5-еуі, яғни 10%, Қазақстанда оқып жатқан және шет елден көшіп келген өзге ел азаматы болды. Жауап алу барысында 100% жауап берушілер "Патриотизм – Отанды жақсы көру мен оған адал қызмет ету ғана емес, жүрген жерде елімізді мақтан тұту" деп жауап қатты. Олар өздерін патриот екендерін айтып, 100% көрсеткіш ұсынды, әсіресе өзге ұлт өкілдері өз елдерінің патриоттары екендерін айтып, ағынан жарылды. Әрине, патриотпын дегеннің өзінде, сұрақтарға жауап беру барысында кейбір сұрақтардан мүдіріп қалғандар да болды.

Патриотпын деп айта салу оңай, дәлелдеу қиынға соқты. Мысалы, рәміздер мен тарихымызды жауап берген 50 ҚР азаматтарының ішінде 38-і ғана "иә, жақсы білемін" десе, қалған 12-і, яғни 24%-ы тарихты жақсы білмейтіндерін айтып, өмірде оның қажет еместігін түсіндірді. Сонымен қоса, қазір жастар көбінесе шет ел әндерін жиі тыңдап, өз домбырамыздың үні ұмытылып бара жатқыны айқын болды. Десе, 26%(13) домбыраның құдіреті шексіз және оны жүрекпен қабылдаған жөн деп жауап берді. Ал тіл мәселесіне келер болсақ, ол – қазіргі таңда ең өзекті мәселе. 55 адамның тек 8-і ғана, яғни 14,5%, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, таза қазақша сөйлеймін деп жауап берді. Ал қалған 85,4%, яғни 47 адам, қазақ тілін орыс тілмен араластырып немесе тек орысша сөйлейміз дейді. Олардың айтуынша орыс тілінде хат алмасып немесе ойды жеткізген оңайырақ екен.



Сонымен қоса, жауап берушілердің барлығы отандық телеарналар мен фильмдер қазіргі таңда дамын келе жатқанын айтып, күн санап қызығушылық артып келе жатыр деді. Ал Қазақстанның дизайнерлері мен брендтеріне келер болсақ, 55 жауап берушінің 41-іне, яғни 74,5%, отандық дизайнерлер ұсынған тауарлар ұнаса, қалғаны шет ел брендтерін қолдайтындарын айтты. Дегенімен, ешқайсысы ұлттық бренд қолданбайтындарын айтты, бағалары өте жоғары болғандықтан шет ел тауарлары әлдеқайда қолжетімді бағаны ұсынатындығын себеп етті. Қазіргі таңда екінің бірі өзге елде білім алуда, бұл жағдайды көбісі жастардың еліктеушілігінен деп түсіндіреді. Шет елде білімін шыңдап келген жастар үшін мақтан екенін мойындайтындар да бар, бірақ 55-тің 33-і, яғни 60%, «Қазақстанда білім алып, Қазақстанда жұмыс істеу – мақсатым» деп жауап қатты.

Сауалнамаға жауап беру барысында Отанымызды шын сүйіп, еліміз үшін барын беретіндер әлі күнге дейін бар екендігі белгілі болды. Десе де, 19% шет елдің менталитетін ұстанып, өзге елге көшуді қалайтын болып шықты. Қорытындылай келе, патриоттық сезімді қалыптастыру әр ата-анаға қойылатын талап. «Отан – отбасынан басталады» дегендей, отабасында ата-ананың тәрбиесі мен Отанды сүйуге деген өнегесі сәби бойына сіңуде маңызды рөл атқарады. Ал біз, жастар, қайда жүрсек те Отанымызды, тілімізді, дінімізді, ұлтымызды, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды ұмытпай, елімізбен мақтанып жүретін немесе әлемге жар салып айтпасақ та, жүрегімізде мәңгі елімізді сақтап жүретін жан болайық.













**Назарларыңызға  
рахмет!**

